

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті XXIX сессиясы өтті. Сессия отырысына «АМАНАТ» партиясынан, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан және «Ақ жол» партиясынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде 13 мәселе қаралды

1. «2023-2025» жылдарға арналған Сарыағаш аудандық бюджеті туралы
2. Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімінің және жастар ресурстық орталығының бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Қызылжар ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
4. Қабланбек ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
5. Дарбаза ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
6. Құркелес ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
7. «Сарыағаш ауданы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын бекіту туралы» 2020 жылғы 14 қазандағы №56-512- VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
8. Сарыағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы;
9. 2023 жылға арналған Сарыағаш аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту туралы;
10. Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы;
11. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентін қайта бекіту туралы;
13. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы.

Жалпы сессияның күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсыныстар мен ескертулер назарға алынып тиісті шешімдер қабылданды